

Жақыпов Жантас Алтайұлы
Филология ғылымының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
zhan.zhak58@gmail.com

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ БІР ҚИЫНДЫҒЫ

Тұрмұқан Төлешұлы Пірімбетов академик Р.Сыздықтың жетекшілігімен 1988 жылы «Қазақ тіліндегі қарапайым сөздер» деген тақырыппен кандидаттық диссертация қорғады. Ол ғалым ретінде қазақ тіл білімінде алғашқы болып қарапайым сөйлеу тілін зерттеу нысаны етті. Қазақ тілімен шектеліп қалған жоқ, түркі тілдеріндегі осы жайттарды түре қарады. Түркі тілдерінде Тұрмұқанға дейін қарапайым сөздерді диалектіден әдеби тілге ауысатын элементтер ретінде қарастыратын. Біздің ғалымымыз бұл тұрғының қисынсыз екенін дәлелдеп берді. Қазақ тілтанушыларының ішінде мұндай сөздерді тұрпайы сөздер қатарына қоса салу сынайы бар болатын. Тұрмұқан оған да қарсы болып өзінің орынды уәждерін алға тартты: қарапайым сөздердің бәрі тұрпайы емес екендігі, онда стильдік рең болатыны туралы батыл сөз айтты. Сол кездің өзінде-ақ ол әдеби норма мен әдеби емес сөйлеуді ажыратудың межелерін белгіледі. Ол межелер: а) қарапайым сөздер – сөйлеу элементтері; ә) қарапайым сөздер әдеби нормада реттелмеген; б) жалпы халыққа түсініктілігі; в) эмоционалды-экспрессивтілігі; г) бағалауыш реңі. Ол алғаш болып қарапайым сөздердің таралуында аймақтық шек болмайтынын, ол әдеби нормадағы сөздермен синонимдік қатарда тұра алатынын дәлелдеді. Лексикалық құрамы төлтума сөздер мен кірме сөздерден тұратынын тізіп берді. Қарапайым сөздердің жеке адамға қатысы мен жалпы ұлтқа қатысын таразылап берді. Сөйтіп, ол қарапайым сөздердің тіліміздің сөздік құрамының бір қабаты – өзіндік стильдік қоры бар, лексика-грамматикалық ерекшеліктері бар қабаты екенін алғашқы болып іргелі деңгейде зерттеп берді [1].

Демек, қарапайым сөйлеу тілін арнайы зерттеді.

Бүгінгі күнде арамызда болса, біз айтпақ болып отырған сөйлеу мәдениетіндегі келеңсіздікке төреші болуға құзыретті маман Тұрмұқан Төлешұлы болар еді.

Сөз «әлеуметтік желі» қате атау алған торап тілі туралы болмақ. Қате дейтініміз – орыс тіліндегі «социальная сеть» сөзі дұрыс аударылмаған. «Сеть» сөзінің XX ғасырдың екінші жартысынан бері «торап» болып қалыптасқаны белгілі. Аударғандар орыстың «линия» деген сөзінің балаамасын алған. «Желінің» басталуы мен тірелер шегі болады, яғни екі нүкте арасында орналасады. Торапта шиырланып тірелер шек болмайды.

Сонымен, әлеуметтік торап тілі қазіргі кезде тілдік айғақ ретінде санамызды дендеп алды. Бұл тіл адамдар қарым-қатынас жасайтын өнімді құралға айналды. Ауанылыққа (виртуалдыққа) бейімделіп алдық. Әлеуметтік тораптың қарқынды қолдануымен қазіргі сөйлеу (ауызша, жазбаша) мәдениетіміздің қарадүрсінге айналу үдерісі дендеп келе жатыр.

Т.Т. Пірімбетов қарапайым сөзді (просторечие) зерттеген кезеңде мұндай сөздер авторлық баяндауда кездесе бермейтін. Тек авторлық модальділікті білдірер тұста бірен-саран байқалатын. Сондықтан ол тілдік айғақтарды, негізінен, кейіпкер тілінен, ауызекі сөйлеу стилінен алып талдады. Ең бастысы, қарапайым сөздердің сөйлеу элементтері ғана екенін, әдеби тілде реттелмегенін көрсетіп берді. Ал қазір осы кемістік үрдіске айналды: қарапайым сөздер (қарапайым деу аз, дөрекі сөздер де) еркін қолданыла беретін болып тұр.

Сөйлеу мәдениетінің басты көрсеткіші норма екендігі белгілі. Әлеуметтік торап тілі мұны елемей тұр. Қазір әлеуметтік тораптағы сөйлеу үдерісіне орай коллоквиализация деген термин айналымға енді. Авторы – Карл Гудтшмидт [2, 17]. Бұл ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздердің әдеби нормаға енуін көрсетеді. Әлеуметтік торапта жазбаша тіл басым дегенмен, оны қолданушылар сол жазбаша тілде ауызекі сөйлеуге тән біріліктерді қолдануға жаппай ұмтылуда. Коллоквиализация ауызекі тілге тән сөздердің белсенді қолданысынан, сөйлеу реңі басым лексикадан, үнемдеу заңдылықтарына (қысқарту, толымсыздық, ықшамдық)

сәйкес келуге тиіс пішіндерді, құрылымдардың көптігінен көрінеді. Коллоквиализация чаттар мен форумдарда, түрлі блоктарда, әлеуметтік тораптарда хат алмасуларда, комментарийлердегі, статустардағы тілдесімге тән болып келеді.

Зерттеушілердің көбі осы үдеріске тән, яғни ауызекі сөйлеуден нормаға ойысып бара жатқан мынадай фонетикалық құбылыстарды көрсетеді: аферезис (алдыңғы сөздің соңғы дыбысының әсерімен келесі сөздің басындағы дауысты дыбыстың түсіп қалуы): *нестейсің* (дұрысы: *не істейсің*), *нешесің* (дұрысы: *не ішесің*), *не дид?* (дұрысы: *не дейді?*)*қуыватсын* (дұрысы: *қуып жатырсың*), *нестеватсын* (дұрысы: *не істеп жатырсың*), *бересаиш* (дұрысы: *бере салшы*); гаплогия (ұқсас, біркелкі буындардың түсіп қалуы): балдар (дұрысы: балалар), *жергікті* (дұрысы: *жергілікті*); диэреза (соңғы дыбыс тіркесінің түсіп қалуы): *білем, көрінем, сөйдим* (дұрысы: *солай деймін*) т.т.; редукция (дыбыстың түсіп қалуы): *тәурақ* (дұрысы: *тәуір-ақ*), *крк* (дұрысы: *керек*), *қзқ* (дұрысы: *қазақ*), *сомен* (дұрысы: *сонымен*).

Әлеуметтік торап тіліндегі таңбамен сөз жасау да нормаға қайшы келеді. Мысалы: *1000жасар* (адам есімі Мыңжасар), *4аяқты депутат* (төрт аяқты).

Бұлардың бәрі ауызша айтылған сөздер емес, жазылған сөздер екенін айта кетейік. Норма қайда! Мәдениет қайда! Бұл – Т.Т. Пірімбетовтің қарапайым сөздерінен де төмен болып тұр.

Академик М.С. Серғалиев дөрекі сөздердің үш түрін атайды:

1. өзінің мағынасынан-ақ белгілі болып, әлдебіреуді қорлау, мазақтау, масқаралау мақсатында қолданылатын сөздер;

2. ауыспалы мағынада жұмсалып, жаманшылықты, жиіркенішті адамды немесе құбылысты білдіру үшін қолданылатын сөздер;

3. адамның жағымсыз қылығын баса көрсету арқылы соған сай жағымсыз мағынаны білдіру үшін пайдаланылатын сөздер [3, 71].

М.Серғалиевтің бұл пайымдамасы Т.Т. Пірімбетов зертеуіндегі қарапайым сөздердің мәдени аспектісін қарастырғандай болып тұрады.

Әлеуметтік тораптағы жазбалардан осындай сөздердің еркін қолданылатын, қалыпты (нормадағы) жағдайға айналып бара жатқанын көруге болады. Әлеуметтік тораптардағы жазбаша мәтіндерден қарапайым сөзді былай қойып, тұрпайы сөздерді молынан оқуға болады. Мысалдар (тыныс белгі мәселесі тіптен сын көтермейді, торапты қолданушылар мұны ұмытып бара жатыр десе болады): *Көп байқадым орысқұл адам ау әлде орыстың жиені ме білмедім Намыссыз доңыз болып өз ана тілінен жерініп кеткендер зой. Ай сорлы қазақ орысша сөйлесем бай, данышпан болып көрінем деп... Көйлек-дамбалын тастамайтын бір көрші елдің қыз-келіншектерін қазақ қыз-келіншектерінен артық деп мақтап отырғандарға. Көпке топырақ шашуға болмайды, әрине. Бірақ сол көпшілігінде солар киген дамбалдың шықыры бостау болады. Оу қос қатынды қатар ұстап отырған тоқалы бар қазақтар. Сұқпабастар мен бұқпабастар.* Осындағы асты сызылған сөздер коллоквиация үдерісіндегі сөздер болып саналады. Яғни, нормаға айналу барысында. Сөйлеу мәдениетінің талаптарынан бейхабар.

Коллоквиализация барысындағы бір әрекет – әлеуметтік тораптарда эрративтерді (латын сөзі, «қателесу» деген мағынаны білдіреді) пайдаланудың жиілеп кеткендігі. Әдеби тіл нормасымен сөйлей білетін адамдардың қасақана бұрмалауы мен қате сөйлеуінен туған сөздер мен айтылыстар. Мұны сленгге жатқызушылық бар (Т.Т. Пірімбетов зерттеулерінде мұндай айтылыстар мен сөздер қарапайым сөйлеу элементі ретінде қаралатынын айта кеткен жөн). Мұны, тіпті, «екінші өмірін тапқан» сөздер деп атаушылық та бар. Ғаламтор тілдесімінде арнайы аталымға ие болған, терминденген: «падонкаф тілі, неограф тілі, ОРФО-арт тілі» т.т. атауларымен әспеттеледі. Бір көңіл жұбаттары – бұлар қазақ тіліне дендеп ене қойған жоқ. Қазақ тілді тораптарда, негізінде, орыс тіліндегі сөздер осы тұрғыдан қолданылады. Кейбірін көрсете кетейік: *баттл* (сайыс), *бомба* (ашуланып наразылық білдіру), *бро* (дос я таныс емес, бірақ жанашыр адам), *др* (туған күн), *пая* (алғыс), *плиз-пж* (өтінемін), *мб* (может быть, мүмкін).

Бұл – нормалану емес, тіл шұбарлаудың асқынған түрі.

Троллинг, тілдік агрессия сияқты проблемалар қозғалған жерде қарапайым сөз емес, тұрпайы, дөрекі сөздердің қолданылуы бірге жүреді. Дәлел келтірейік. Фейсбук торабын пайдаланушы блогер Бақтияр Хамит деген былай деп жазады: *Байқайсыздар ма, соңғы кездері бозауыз араластырып пост жазу сәнге айналып барады. Көшедегі адамдар емес, көзі ашық, көкірегі ояу дейтін азаматтар орыстың «кәкәй» сөздерінсіз ой жеткізе алмайтын деңгейге жеткен... Не деуге болады? Ақыры боқтайды екенсіңдер, тек қазақша боқтаңдаршы, қарақтар...* Осы жазбаға берілген комментарийлер бұл үрдістің тіпті күшейіп тұрғанын байқатады, комментарийлерде мынадай мәтіндер бар:

Еркектер былай тұрсын, әйелдер де боқтап жазады.

Бетпақтық пен долылықты батырлыққа балап, жұрт соларды қолпақтап мәз.

Диана деген беелсендіге талай айтып, бұл әдетінің дұрыс еместігін ұқтыра алмай шаршадым.

Кейде боқтамасаң іс бітпейді.

Қазақшада керек емес, боқтап жеткізбей-ақ қазақша небір өңменіңнен өткізе, жер жебіріне жеткізе, сансырап қалған санасына сарқылта құятын сөздер бар ғой. Егер саналы болса, атам қазақша ықылым заманнан сөзге тоқтау қылған, бір ауыз сөзді емеуріннен ұғып түсінер, боқтықпен аузыңды былғап, бұл жерде абыройыңнан дырдай болғанша, шұрайлы тілімізді оңтайлы пайдаланып жеткізген дұрыс қой (Бұл пост алынды: [4, 64].

Ғаламтор тілімізге індет жұқтырды, тіл эрозияға ұшырап бара жатыр. Ең таңқаларлығы – қазақ тілтанушыларының арасында мұны қазақ тілінің өзгеріп дамуы ретінде қарайтын үрдіс бар. Мұны тіл мамандары прагматикамен байланыстырады. Прагматизмде мынадай психологиялық фактор бар: әлеуметтік торап адамның ішкі қажеттілігін, яғни ішкі эгоны қанағаттандырудың ең ыңғайлы әдісі. Қоғамда өз орнын таба алмай жүрген томаға тұйық адамдар үшін торап керемет құралға айналды. Тораптарды пайдалану арқылы олар өздерін басқаша сезінеді, лайк жинау, пікір жазу, селфи жасау немесе өздері өзекті деп санайтын ойын жеткізу, өзін жарнамалау арқылы ішкі эголарын қанағаттандырады. Шынайы өмірде жасай алмағанын ауани өмірде жүзеге асырғысы келеді. Осы жайт тілді кері синергиялық құбылыс тудырып отыр: синергия бейберекеттен реттілікке қарай қозғалысты білдірсе, қазіргі ғаламтордағы сөйлеу (ауызша, жазбаша) реттіліктен бейберекетке қарай кетіп барады.

Ғаламтор тілінің мәдениеті экологиялық қамқорлыққа зәру. Ғаламторды қолданушылардың тілдік санасымен жұмыс істеу жолдарын іздеген жөн.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Пірімбетов Т.Т. Қазақ тіліндегі қарапайым сөздер: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1988.
2. Гутшмидт К. Общие тенденции и специфические формы их реализации в современных славянских языках // Jazykovedny casopis, 49. – Варшава, 1998. - №2.
3. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері. Оқулық. – Астана: Л.Н. гумилев атындағы ЕҰУ, 2006.
4. Құрманбекова З.Р. Тілдік қатынасты жүзеге асырудағы әлеуметтік желінің рөлі (қоғамдық сана және тіл мәдениеті мәнмәтінінде): философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2024.

Әли Тойжігітов

Қазақстанның Құрметті журналисі. Ақпарат саласының үздігі.

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері.

ТІЛШІ ҒАЛЫМ - ТҰРМАҚАН

Мұғалім. Оқытушы. Ұстаз. Осынау қасиетті ұғымдардың өмірден алар орны бөлек. Бәріміз мұғалімнен білім алып, сауатымызды аштық. Болашақ мамандығымызды да мектеп қабырғасынан таңдап, солармен кеңескен кездеріміз аз болған жоқ. Тіпті сахна саңлағы